

Қазақ батырларының рухына тағзым



Ақтөбеліктер үшін 9-мамыр Қобда өзенінің бойында дүниеге келген Әлия Молдағұлованың есімімен тығыз байланысты.

Жылда бұл күнді қазақтың батыр қызының рухына тағзым етумен бастаймыз. Әлия мен Мәншүктей қайсар қыздар тұлғасы қазақ қыздарының қоғамдағы орны мен бүгінгі бейнесін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Ақтөбеде құрылып, ең ірі ұрыстардың бірінде ерлікпен шайқасқан 101-атқыштар бригадасын да құрметпен еске аламыз. Бұл бригада кезінде өзін оқыған М.Құсайынов атындағы дарынды балалар мектебінің ғимаратында жасақталғаны ерекше әсерлі. Мектепте бригадаға арналған мұражай бар.

Бригада сол кезде ерікті қазақ жастарынан құрылған. Жалпы Ржев шайқасы жайлы деректер көпке дейін құпия ақпарат болып саналып, беріде ғана белгілі бола бастады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында Тверь облысындағы Ржев мемориалына барып, 100-ші және 101-ші атқыштар бригадаларының құрамында ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің рухына тағзым етті.


Соғыс жылдары белгілі бір тарихи кезең не оқиға ғана емес, бұл — миллиондаған адамның қасіретке толы тағдыры. Сол себепті жырақта жатқан батырларымыздың ұмыт қалмай, есімдерінің ардақталуы тарихи жадымыз үшін маңызды.

Уақыт өткен сайын зұлмат соғыс тарих көшіне алыстап бара жатқанымен, ерлік көрсеткен қазақ батырларының рухына тағзым етіп, құрмет білдіру жалғаса береді деп ойлаймын.

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры

Осы санда

АКАДЕМИЯЛЫҚ
ҰҒЫРЛЫҚ
СТУДЕНТ ҮШІН
ЗОР МҮМКІНДІК



5-6

ТАЛАНТТЫЛАР
ШОҒЫРЛАНҒАН
ФАКУЛЬТЕТ



10-15 66

АРЫН АТАМНЫҢ
ЖАТҚАН ЖЕРІ БЕЛГІСІЗ



16-6

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА 3 СОҒЫС АРДАГЕРІ БАР

Жеңіс Күні мерекесі қарсаңында Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов Ұлы Отан соғысының ардагері Василий Иванович Грецкийді Хромтау қаласына құттықтап барды. Ардагер құрметіне ол тұратын көпқабатты үйдің ауласында концерт ұйымдастырылып, жергілікті шығармашылық өнер ұжымдарының өнерпаздары соғыс жылдарындағы әндерді шырқады.

Василий Грецкий 1942 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылған. Ол 8-ші полктің 1-ші кавалериялық корпусы, 1-ші Украина, 111-ші Беларусь, Польша және Чехословакия майдандарында соғысқан. Жауынгерлік қызметі үшін 1944 жылдың күзінде мемлекеттік «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылды.



Кейін II дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды. Василий Иванович жеңісті Берлиннен 75 шақырым жерде орналасқан ауруханада қарсы алған. Кейін олардың полкі Орал қаласына жіберілді. 1946 жылы соғыста алған жарақаттарына байланысты демобилизацияланды.

99 жастағы Василий Грецкий соғысқа 17 жасында аттанған.

Ералы Тоғжанов соғыс ардагерін Жеңіс мерекесімен құттықтап, көрсеткен ерлігі үшін алғысын білдірді.

Өңірде Жеңіс күнін тағы екі ҰОС ардагері қарсы алады.

103 жастағы Сатылған Бекмағамбетов Ақтөбеде тұрады. Ол 1941 жылы майданға шақырылған. Бір жылдан кейін 101-ші атқыштар бригадасының құрамында шайқасқа қатысып, Мәскеу, Ржев, Смоленск маңындағы қанды шайқастарда жауға төтеп береді, екі рет жарақат алған.

Ал 99 жастағы Қазтай Тыныштыков Мұғалжар ауданы Құмсай ауылында тұрады. Соғыс жылдарында Украинаны, Курск пен Беларусь елін азат етуге қатысып, көптеген медаль, соның ішінде екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталған.

Аймақ басшысы бұл екі ардагерге де құрмет көрсетіп, арнайы құттықтады.

Мәліметтер облыс әкімдігі баспасөз қызметінің әлеуметтік парақшасынан алынды.

В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОСТАЛОСЬ 3 ВЕТЕРАНА

Накануне Дня Победы аким Актюбинской области Ералы Тугжанов навестил и поздравил ветерана Великой Отечественной войны Грецкого Василия Ивановича, проживающего в городе Хромтау. Во дворе многоквартирного дома, в котором он живет, был организован концерт, звучали песни военных лет в исполнении местных коллективов творческой самодеятельности.

Василий Грецкий был призван в ряды Красной Армии в 1942 году. Воюя в составе 1-го кавалерийского корпуса 8-го полка, 1-го Украинского, 111-го Белорусского фронтов, Польше, Чехословакии. За боевые заслуги осенью 1944 г. был представлен к правительственной награде – ордену «Красная Звезда». Позже награжден орденом Отечественной Войны II степени. Победу Василий Иванович встретил в госпитале в 75 километрах от Берлина. После этого их полк был направлен для развертывания в г. Уральск. В 1946 году был демобилизован из-за травм, полученных на войне. Василий Грецкий на фронт отправился в 17-ти летнем возрасте.

Ералы Тугжанов поздравил 99-летнего ветерана войны с праздником Победы, поблагодарив его за проявленное мужество.

День Победы в регионе встретили ещё два ветерана ВОВ.



103-летний Сатылған Бекмағамбетов живет в Ақтөбе. Он был призван в 1941 году. Год спустя вступил в бой в составе 101-й стрелковой бригады, участвовал в кровопролитных боях под Москвой, Ржевом, Смоленском, дважды был ранен.

99-летний Казтай Тыныштыков живет в поселке Кумсай Мугалжарского района. В военные годы участвовал в освобождении Украины, Курска и Беларуси, награжден многочисленными медалями, в том числе Орденом «Отечественной войны» второй степени.

Глава региона также поздравил двух ветеранов с Днем Победы. Информация взята из официального аккаунта пресс-службы акимата области в социальной сети.

3 VETERANS LEFT IN AKTOBE REGION

On the eve of the Victory Day Akim of the Aktobe region Yerally Tugzhanov visited and congratulated the veteran of the Great Patriotic War Gretscky Vasily Ivanovich, who lives in the city of Khromtau. A concert was organized in the courtyard of the house where he lives. Songs of the war years were sung by creative teams.

Vasily Gretscky was drafted into the Red Army in 1942. He fought in the 1st Cavalry Corps of the 8th Regiment, 1st Ukrainian, 111th Belorussian Fronts, Poland, Czechoslovakia. For military merit in the fall of 1944, he was presented with a government award - the Order of the Red Star. Later he was awarded the Order of the Patriotic War II degree. Vasily Ivanovich met the victory in a hospital 75 kilometers from Berlin. After that, their regiment was sent to deploy in the city of Uralsk. In 1946 he was demobilized due to injuries received in the war. Vasily Gretscky went to the front at the age of seventeen.

Yerally Tugzhanov congratulated the 99-year-old war veteran on the Victory Day, thanking him for his courage.

Victory Day in the region was met by two more GPW veterans.



Satylgan Bekmagambetov, 103, lives in Aktobe. He was drafted in 1941. A year later, he joined the battle as part of the 101st Rifle Brigade, participated in bloody battles near Moscow, Rzhev, Smolensk, was wounded twice.


99-year-old Kaztai Tynyshytkov lives in the village of Kumsai, Mugalzharsky district. During the war years, he participated in the liberation of Ukraine, Kursk and Belarus, was awarded numerous medals, including the Order of the "Patriotic War" of the second degree.

The head of the region also congratulated two veterans on Victory Day. The information is taken from the official account of the press service of the regional akimat in the social network.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМ

Zhubanov University ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен «Ұрпақ салауаты — ұлт байлығы» республикалық форумын өткізді.

Форумға жиналған өңірдегі балалармен жұмыс жасайтын қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау органдарының, білім беру саласының мамандары алдында Орталық Азия психоанализ институтының директоры, психоаналитик Анна Құдиярова, дәрігер-психиатр Тамара Асимова, адвокат Айман Умарова мазмұнды баяндамалар жасады. Шағын сессиялар мен шеберлік кластарын өткізді.

Республикалық форумды кіріспе сөзімен ашқан Zhubanov University ректоры, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Лаура Қарабасова форум мақсатына білікті мамандардың басын біріктіріп, бала қауіпсіздігі, қоғамдағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерін шешуде психология, медицина, құқық қорғау тарапынан бірлесе талқылап, шешу жолдарын қарастыру себеп болғанын айтты.

Аталған мәселелер төңірегінде Zhubanov University-де жиі шаралар өтеді, ал бүгінгі ауқымды басқосу оған қатысқан мамандардың балаларды қорғау бағытында жаңа ақпарат алып, біліктілігін шыңдауға мүмкіндік жасады.

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ФОРУМ

Zhubanov University при поддержке Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК провел республиканский форум «Здоровье поколения — национальное богатство».

С содержательными докладами перед общественными организациями, работающими с детьми региона, сотрудниками правоохранительных органов, специалистами сферы образования, собравшимися на форум, выступили директор Среднеазиатского института психоанализа, психоаналитик Анна Кудиярова, врач-психиатр Тамара Асимова, адвокат Айман Умарова. Спикеры проводили сессии и мастер-классы.

Открытие Республиканского форума началось с обращения ректора Zhubanov University, члена Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК Лауры Карабасовой к участникам мероприятия. В своей вступительной речи она рассказала, что целью форума стало собрать вместе квалифицированных специалистов с представителями психологии, медицины и правоохранительных органов для совместного обсуждения путей решения проблем детской безопасности в обществе, предотвращения насилия в отношении детей.

Проведение в Zhubanov University мероприятий по данным актуальным вопросам является традицией. И такая масштабная встреча дала возможность специалистам — участникам получить новую информацию и повысить свою квалификацию в сфере защиты детей.

REPUBLICAN FORUM

Zhubanov University, with the support of the National Commission for Women's Affairs and Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan, held a republican forum "Generation Health - National Wealth".

The director of the Central Asian Institute of Psychoanalysis, psychoanalyst Anna Kudiyarova, psychiatrist Tamara Asimova, lawyer Aiman Umarova delivered meaningful reports to public organizations working with children in the region, law enforcement officials, and educators who gathered at the forum. Speakers held sessions and master classes.

The opening of the Republican Forum began with the address of the rector of Zhubanov University, a member of the National Commission for Women, Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan Laura Karabasova to the participants of the event. In her opening speech, she said that the purpose of the forum was to bring together qualified professionals with representatives of psychology, medicine and law enforcement agencies to jointly discuss ways to solve problems of child safety in society, to prevent violence against children.

Holding events on this topical issue at Zhubanov University is a tradition. And such a large-scale meeting gave an opportunity for specialists - participants to get new information and improve their skills in the field of child protection.

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



21 СТУДЕНТ «ҮЗДІК СТУДЕНТ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Zhubanov University белсенді білім алушылары ұйымдастырған «Zhubanov Students award's» оқу жылының қорытынды кешінде үздік оқитын және университеттің әлеуметтік және қоғамдық саяси өміріне белсене атсалысып жүрген студенттер марапатталды.

Университет ректоры Лаура Қарабасова жастардың қолайлы ортада сапалы білім алуы — университеттің басым бағытының бірі екенін атап өтіп, белсенді жастардың аяқталған оқу жылындағы жетістіктеріне тоқталды. Халықаралық, республикалық додаларда жеңімпаз атанған, университеттің қоғамдық өмірінде белсенділік танытқан студенттерге алғысын айтты. Іс-шарада ректор 21 студентке «Үздік сту-

дент» төсбелгісін және бірқатар білім алушыларға Алғыс хатын табыстады.

Сондай-ақ, кеште «Үздік зияткерлік клубы», «Үздік шығармашылық клубы», «Үздік жастар саяси клубы», «Үздік мәдениет клубы», «Үздік би клубы», «Үздік спорт клубы», «Үздік Сенат», «Үздік FreshMan» номинациялары бойынша үздік үйірмелер анықталды.

МЕДАЛЬ «ЛУЧШИЙ СТУДЕНТ» ПОЛУЧИЛ 21 СТУДЕНТ

В ходе итогового вечера «Zhubanov Students awards» лучшие студенты, принимающие активное участие в социальной и общественно-политической жизни университета, были награждены медалями.

Ректор университета Лаура Карабасова отметила, что качественное образование

молодежи в благоприятной среде является одним из приоритетных направлений университета. Руководитель учебного заведения акцентировала внимание на студенческих достижениях и поблагодарила молодежь за активное участие в международных, республиканских соревнованиях, а также в общественной жизни университета.

На торжественном вечере ректор вручила 21 студенту нагрудный знак «Үздік студент» и ряду обучающихся благодарственные письма.

Также в этот вечер выбрали лучшие кружки в номинациях: «Лучший интеллектуальный клуб», «Лучший творческий клуб», «Лучший молодежный политический клуб», «Лучший культурный клуб», «Лучший танцевальный клуб», «Лучший спортивный клуб», «Лучший Сенат», «Лучший FreshMan».

21 STUDENTS RECEIVED THE MEDAL «BEST STUDENT»

During the final evening «Zhubanov Students awards» the best students who take an active part in the social and political life of the university were awarded medals.

Rector of the University Laura Karabasova noted that the quality education of young people in a favorable environment is one of the priorities of the university. The head of the educational institution focused on student achievements and thanked the youth for their active participation in international, republican competitions, as well as in the public life of the university.

At the gala evening, the rector presented 21 students with the «Uzdik student» badge and letters of thanks to a number of students.

Also this evening, the best circles were chosen in the following nominations: «Best intellectual club», «Best creative club», «Best political youth club», «Best cultural club», «Best dance club», «Best sports club», «Best Senate», «Best FreshMan».



Academic mobility

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ СТУДЕНТ ҮШІН ЗОР МҮМКІНДІК

Zhubanov University студенттер үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасы конкурсына 2-3 курс студенттері қатыса алады.

Академиялық ұтқырлық шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен конкурсқа қатысуға көрсетілген құжаттарды ұсыну шетелдік әріптес ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Үміткерлер конкурсқа қатысып, іріктеледі. Басты талап — шетел тілін меңгеру деңгейі B2 төмен емес, ағымдағы үлгерім транскриптінің GPA орташа балы 2,67 төмен емес шарты болып табылады. 2022-2023 оқу жылының бір семестрін Zhubanov University 50-ге жуық үздіктері Түркия, Польша, Ресей мемлекеттерінде оқыды.

Лаура Мингисиева — болашақ педагог. «Арнайы педагогика» мамандығының 3-курс студенті. Келешек қызметін ғылыммен байланыстыруды мақсат тұтады. Ал академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелде оқып келу студентке зор мүмкіндік деп есептейді. Қазір Түркия мемлекетінде оқу жылының II семестрін аяқтап жатқан студент академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу жолы жайында баяндайды.

Мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы 2-курста оқып жүргенімде естідім. Бір факультетте оқитын қыздың инстаграм парақшасынан Түркияда жүрген фотосын көрдім. Сабақ уақытында ол басқа мемлекетте қалай жүр деп ойлап, сұрастыра бастадым.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен барғанын білдім. Қатты қызығып, керек ақпарат жинадым. Алдыма мақсат қойдым. Қалайда жетемін дедім. Баратын елдің тілін білу қажеттігін, оқу үлгерімі жақсы болу керектігін білгеннен соң нақты қарекет жасай бастадым.

Түрік тілін оқытатын курсқа қатысып, тілдік деңгейімді көтердім. Негізі түрік сериалдары, әндері ұнайтын және ол елдің студенттік өмірі, білім алу процесі қалай екен деген қызығушылықтарым болды, себебі өзім университетте белсенді студент болғандықтан ол жақта да Студенттік парламент ұйымы бар шығар, қалай жұмыс істейді екен деген сұрақтар қызықтырды.

Түрік тілі курсы аяқтап, сертификатымды қолыма алдым. 3-курстың 1-ші семестрінде академиялық ұтқырлық бойынша қараша айында құжат жинау басталды. Мен көп ойланбастан

құжаттарымды тапсырдым. Конкурс өтті, 2 турдан тұрады екен. 1-ші турдан өттім, 2-ші тур сұқбат алу, яғни конкурстың комиссия мүшелерінен түрік тілінде сұқбат алу керек. Екі турдан да сәтті өттім. Мен армандаған түрік елінің Кастамону қаласына баратын топқа іліктім. Қатты қуанғанымнан біразға дейін сене алмадым. Отбасыма жақсы жаңалықты жеткіздім, олар мені қолдап, бірге қуанды.

Өрине еке-анам менталитеті басқа ел болғасын аздап қобалжыды, уайымдады. Бірақ үлкен қолдау көрсетті.

Университеттің Халықаралық ынтымақтастық департаменті шетелге бір оқу семестріне жүргелі отырған бір топ студенттермен жиын өткізіп, мазалаған сұрақтарымызға жауап берді, біздің шетелдегі өмірімізді үйлестіріп отыратын координатор бекітті. Сондай-ақ факультет деканы, кураторым үлкен үміт артып, шығарып салды.

Бізді Станбұл әуе жайында Кастамону қаласына арнайы автобус күтіп тұрды.

Түркиядағы автобустар ұзақ жолға ыңғайлы, бұл транспорт түрі жақсы дамыған.

Кастамону қаласында координатор алдын ала дайындаған апартаментке түстік. Иесі өте жылы қарсы алды. Қазір бірге келген төрт қыз сол абидің баласындай болып жүрміз. Келесі күні Кастамону университетінің өкілдері Айша ханым және Осман ходжамен таныстық. Олар шетелдік студенттерді жаңа ортаға бейімдеу ісін үйлестірумен айналысады. Құжаттарын тексереді, оқу жүйесіне енгізеді, факультетке бөледі. Қажет көмекті береді. Біз барғанда орасан жер сілкінісі, соңынан афтершоктар болып жатты. Сондықтан оқуымыз жартылай онлайн, жартылай офлайн өтті. Қалада студент аз қалған еді. Біз түскен апартаментте 30 қазақстандық студент тұрамыз.

Жақын араласып, ауырып қалғанда бір-бірімізге қамқор болып, кейін жақсы достарға айналдық. Сабақ жүйесін үйрене бастадық. Бұл жақта оқу процесі бізге қарағанда мүлдем басқаша екен. 1 пән, яғни 1 пар аптасына 1 рет және 2 жарым сағат болады. Басында үйренісе алмай, сіңісіп кету қиындау болды, бірақ түрік халқы өте мейірімді, мінезі ашық адамдар, бізге өте көп көмегін тигізді. Түрік топтастарым үй тапсырмасын орындау кезінде жәрдемдесті. Сөйтіп, достарымның қатары көбейді. Мұнда кітапханаларының өте үлкендігі таң қалдырды.

Ең бірінші Фатма ходжаның дәрісі өтті, ол кісі келген мемлекетіміз жайлы ақпарат дайындауға тапсырма берді. Біз қазақ елін, ұлттық тағамын,



ұлттық аспабын, көрікті жерлерін таныстыратын және өз университетіміз туралы әдемі слайд жасадық. Көп ұзамай академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген студенттер үшін Кастамону қаласын аралатты. Тарихын әңгімелеп, табиғатын көрсетті. Экскурсия кезінде өзге шетелдік студенттермен таныстық, қазақша ән айтып, елімізге қызығушылығын ояттық. Олардың елдері жайлы да білдік.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының ұтымды жағы — өрісің кеңейеді, басқа білім сапасын көресің, жаңа достар табасың, оқуға деген құштарлығың артады. Студенттердің өмірге, білімге көзқарасын өзгертуге зор мүмкіндік береді. Сондықтан біздің университет студенттері осындай шансты жібермеуі, армандауы және оған жетуде алдына мақсат қойып, оған қалайда жетуі керек. Мен осы мүмкіндікті кезінде пайдалана алғанымға ризамын.

Алда жоспарым көп, бірі — магистратураны шетелде, осы Түркия мемлекетінде оқысам деймін. Бұл жақта арнайы педагогика бағыты жақсы дамыған дейді. Университеттер туралы пікірлер жинап, сұрастырып жатырмын. Еліме білікті, білімді, кәсіби маман иесі болып, қызмет еткім келеді. Өз саламды зерттеп, ашылмаған қыр-сырына қанығып, дамысам деймін.

Жазып алған Гүлнара Қараша



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



ZHUBANOV UNIVERSITY РЕКТОРЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУҒА ҚАТЫСАДЫ

Zhubanov University ректоры Қазақстандағы жоғары білім беруді реформалау жөніндегі ұлттық сарапшылар (HERE) құрамына алынды.

Жоғары білім беруді реформалау жөніндегі ұлттық сарапшылар тобы (Higher Education Reform Experts) Қазақстанда 2007 жылдан бастап жұмыс жасайды.

Жақында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстандағы ERASMUS + ұлттық кеңсесімен бірлесіп, Мәдениет және білім беру мәселелері жөніндегі Еуропалық Атқарушы агенттік 2023 жылғы жоғары білім беруді реформалау жөніндегі ұлттық сарапшылардың (HERE) жаңа құрамын бекітті.

Команда құрамына енген 15 адамның қатарында Zhubanov University ректоры, білім беру бойынша философия докторы (Ph.D.) Лаура Қарабасова бар.

Ұлттық сарапшылардың алғашқы отырысы өтіп, онда команда мүшелерінің миссиясы мен міндеттері талқыланды.

Жоғары білім беруді реформалау жөніндегі ұлттық сарапшылар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен тығыз байланыста Болон процесінің қағидаттарын ескере отырып, еліміздегі жоғары білім беруді жаңғырту процестерін қолдауға және тағы да басқа жоғары білім саласындағы реформаларды әзірлеуге қатысатын болады.

РЕКТОР ZHUBANOV UNIVERSITY УЧАСТВУЕТ В РЕФОРМИРОВАНИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ СТРАНЫ

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова вошла в состав Национальных экспертов по реформе высшего образования Казахстана (HERE). Национальная группа

экспертов по реформе высшего образования (Higher Education Reform Experts) работает в Казахстане с 2007 года.

Недавно Министерство науки и высшего образования РК совместно с национальным офисом ERASMUS+ в Казахстане, Европейским исполнительным агентством по культуре и образованию утвердили новый состав национальных экспертов по реформе высшего образования (HERE) в 2023 году.

Ректор Zhubanov University, доктор философии в области образования (Ph.D.) Лаура Карабасова вошла в число 15 членов команды.

Состоялась первая встреча национальных экспертов, на которой обсуждались миссия и задачи членов группы.

Национальные эксперты по реформированию высшего образования в тесном контакте с Министерством науки и высшего образования РК будут поддерживать процессы модернизации высшего образования в стране и участвовать в разработке других реформ в сфере высшего образования, учитывая принципы Болонского процесса.

THE RECTOR OF ZHUBANOV UNIVERSITY IS INVOLVED IN REFORMING THE COUNTRY'S HIGHER EDUCATION

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova joined the National Experts on Higher Education Reform of Kazakhstan (HERE). The National Higher Education Reform Experts group has been working in Kazakhstan since 2007.

Recently, the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, together with the national office of ERASMUS + in Kazakhstan, the European Executive Agency for Culture and Education, approved a new composition of national experts on higher education reform (HERE) in 2023.

Rector of Zhubanov University, Doctor of Philosophy in Education (Ph.D.) Laura Karabasova was among the 15 members of the team.

The first meeting of national experts took place, where the mission and tasks of the members of the group were discussed. National experts on reforming higher education in close contact with the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan will support the processes of modernization of higher education in the country and participate in the development of other reforms in the field of higher education, taking into account the principles of the Bologna Process.



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

STEM БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ
ОҚЫТУ КУРСЫ

Zhubanov University оқытушылары Purdue университетінің (АҚШ) профессоры Паул Асунданың (Paul A. Asunda) STEM білім беру бағытындағы оқыту курсын аяқтады.

Шетелдік ғалым курс қатысушыларына STEM әдістерін практика жүзінде үйретті. Сондай-ақ сабақ барысында өзара пікір алмасу, талқылау, топтық жұмыстар жүргізілді.



Purdue университеті АҚШ еліндегі ең алдыңғы қатарлы қоғамдық зерттеу университеті саналады. Университет Индиана штатының Уэст-Лафайетт қаласында орналасқан.

Осыған дейін Zhubanov University Сатпаев университетімен бірге, Purdue университетімен бірлесіп Халықаралық білім беру жөніндегі Америкалық кеңеске жоба жоспарын ұсынған болатын. Жоба қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде алғаш болып U.S.-Kazakhstan University Partnership Program бағдарламасының грантын иеленді.

Профессор Паул Асунданың сабақтары осы жоба аясында өткізілді.

Қатысушыларға АҚШ елшілігінің халықаралық сертификаты табысталды.

УЧЕБНЫЙ КУРС
ПО STEM-ОБРАЗОВАНИЮ

Преподаватели Zhubanov University завершили обучающий курс по STEM-образованию, который провел профессор университета Purdue (США) Паул Асунда (Paul A. Asunda).

С 29 мая иностранный ученый обучал участников курса методом STEM на практике. Также в ходе занятий проводился обмен мнениями, обсуждение, работа в группах. Purdue University считается ведущим общественным ис-

следовательским университетом США. Вуз расположен в Уэст-Лафайетте штата Индиана.

Zhubanov University совместно с университетом Сатпаева и университетом Purdue представил план проекта в Американский совет по международному образованию. Проект стал первым в системе высшего образования Казахстана, получившим грант от U.S.-Kazakhstan University Partnership Program.

Занятия профессора Пола Асунды проводились в рамках этого проекта.

Всем участникам были вручены международные сертификаты посольства США.

STEM EDUCATION COURSE

Zhubanov University teachers completed a training course on STEM education, which was conducted by Purdue University (USA) professor Paul A. Asunda.

From May 29 a foreign scientist taught the participants of the course STEM methods in practice. Also during the classes, an exchange of views, discussion, work in groups was carried out. Purdue University is considered the leading public research university in the United States. The university is located in West Lafayette, Indiana.



Zhubanov University, together with Satpayev University and Purdue University, submitted the project plan to the American Council for International Education. The project was the first in the higher education system of Kazakhstan to receive a grant from the U.S.-Kazakhstan University Partnership Program.

Professor Paul Asunda's classes were held within the framework of this project. All participants were awarded international certificates from the US Embassy.

**Жаңалықтарды дайындаған
Айгерке Сұлтанбекова**



✓ New lecturer category



ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРМЕН АЙНАЛЫСУҒА ЫНТА МЕН УАҚЫТЫМ АРТТЫ

2022 жылы Zhubanov University «Оқытушы-зерттеуші» жаңа санатын енгізген еді. Оқытушы-зерттеушілер профессор-оқытушылар құрамына вебинарлар өткізіп, жоғары рейтингті басылымдарда мақалалар жариялайды, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тарапынан жарияланатын гранттық қаржыландыру конкурстарына қатыса алады. Бұл санатқа ие болған оқытушы-зерттеушілердің жалақысына айтарлықтай үстемақы бекітілді. Жаңа бастама оқытушыларды ғылыммен айналысуға ынталандыруға бағытталған. Арнайы ереже әзірленіп, байқау өткізілді, 40 оқытушы өтініш беріп, оның ішінен 21 оқытушы іріктелді. Олардың оқу жылында атқарған істерінің нәтижелері сарапталды. Жоспарлаған міндетті толық орындап, абырой биігінен көрінген оқытушы-зерттеушінің бірі — Айгүлден Тоғайбаева. Жоғары білім беру саласындағы тәжірибесі 25 жыл, білікті педагог. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. "Психологиялық - педагогикалық және арнайы білім беру" кафедрасында қызмет жасайды.

2021 жылғы ҚР БЖҒМ "ЖОО Үздік оқытушысы" республикалық гранттық конкурсының жеңімпазы. 150-ге жуық ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде халықаралық дәрежедегі 2 монография, ҚР БЖҒМ бекіткен 2 оқу құралы, 11 оқу құралы және көптеген әдістемелік нұсқаулар тізімі бар.

Өтінішіміз бойынша Айгүлден Кәдірқызы жаңа лауазымдағы жүзеге асырған істері туралы әңгімелеп берді. Тыңдаған Гүлнара Қараша.

— 2022-2023 оқу жылының басында университетте «Оқытушы-зерттеуші» жаңа лауазымына конкурс жарияланды. Көптеген әріптестерім секілді осы конкурсқа қатысып, жаңа талаптарды бағындыруға шешім қабылдадым. Конкурс-тан сәтті өтіп, оқытушы-зерттеуші

атындағы мемлекеттік университетінде "Болашақ" бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтіп жатқан әріптесіміз Б.Б.Ертлеуованың қатысуымен өткен кезекті халықаралық вебинарды "Білім алушылардың бейімделу кезеңіндегі ментальды күйдің ғылыми не-

сәнді әдістерді пайдалану тиімділігі" тақырыбында 5 сағаттық дәріс оқылды.

"ҚЖұбанов атындағы АӨУ Хабаршысы" ғылыми журналының 2022 ж., №3 (68) санында "Pedagogical possibilities of forming legal culture of students" тақырыбында шетелдік ғалым Марина Романовна Шамтиевамен (M.R.Shamatieva) авторлық бірлестікте мақала жарияланды.

Айта кететінім, кафедрада әріптестерім Д.Ж.Рамазанова және М.Н.Есенгуловамен бірге барлығымыз шетелдік әріптестермен бірге халықаралық ғылыми жоба аясында ынтымақтастықта осыған дейін де жұмыс жасап келеміз.

Ағымдағы жылы "Effect of mobile learning on students' satisfaction, perceived usefulness and academic performance when learning a foreign language" тақырыбында әріптестерім Д.Ж.Рамазанова, М.Н.Есенгулова, А.К.Нурлин және Р.Шокановтармен қосалқы автор ретінде бірлесе отырып, Scopus базасындағы Frontiers in Education, 2022, 7, 946102 журналына мақала жарияланып, базаға енгізілді. Мақаламен мына сілтеме ар-

"Педагогикалық білім бағдарламалары білім алушыларының кәсіби қызметте инклюзивті білім беруді жүзеге асыру дайындығын қалыптастырудағы интерактивті оқыту" тақырыбында ҚР ҒЖБМ жариялаған 2023-2025 оқу жылдарына арналған гранттық қаржыландыруға байланысты республикалық конкурсқа жоба ұсынылды. Жобаның жұмыс тобында тәлімгерлікке алған жас оқытушы Г.Б.Боранбаева да бірлесе жұмыстанды.

Сонымен қатар, сәуір айында Қызылорда қаласында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ұйымдастырылған 7М01 педагогикалық бағыттар бойынша магистранттардың VIII республикалық пәндік олимпиадасына 7М0101 "Педагогика және психология" ББ 2 курс магистранттарына жетекшілік жасап, жүлделі 3 орын иелендік. Бұдан басқа әріптесім Д.Ж.Рамазановамен бірге Республикалық магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысы конкурсына жоба әзірлеп ұсынған едік, гранттық конкурстың II дәрежелі дипломын иелендік. Алда осы бағытта еңбектенетін боламыз. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Сондықтан оқытушыларға білім беру жүйесінің талаптарын орындауда талап күшейді. Университет ректоры Л.Ч.Қарабасованың бастамасымен енгізілген оқытушы-зерттеуші қызметі оқытушыларға үлкен мүмкіндік беріп жатыр. Жауапкершілігі мен талабы зор болса да, оқытушының ғылыммен айналысуына ынтасын арттырып, ең бастысы оған еркін уақыт беріледі. Осы мүмкіндік үшін рақмет айтамын.



қызметіне ауыстым. Бұл қызметке қойылатын жоспарлы талаптар бар. Мысалы, оқу жылы ішінде профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар үшін 6 вебинар ұйымдастыру қажет. Алдын ала ұсынылып, бекітілген тақырыптар бойынша вебинарларды толық өткіздім. Соның ішінде «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау» (28.09.2022) тақырыбындағы вебинарға облыстың жалпы білім беретін мектептерінің ұстаздары, сондай-ақ қырғызстандық әріптестер қатысты. Бішкек қаласындағы Қазақ-Қырғыз университетінің ректоры А.Г.Казмағамбетов және аталған университет профессоры Д.Кулчабаев вебинар тақырыбының өзектілігін атап өтті. Ресей Федерациясы Казан мемлекеттік университетінің "Педагогика және психология" кафедрасының меңгерушісі К.О.Казиевтің, сол сәтте РФ Мәскеу қаласындағы Ломоносов

піздері (24.10.2022) тақырыбында 7М0101 "Педагогика және психология" ББ магистранттарына, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне, яғни 1 курс магистранттарына арнадық.

Марина Романовна Шамтиева біздің ЖОО магистранттарының белсенділігі мен вебинар барысындағы толымды жауаптарына ризашылығын білдірді. Түркияның Мерсин университетінен Ажар Орда ханым және М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетіндегі әріптестерімізбен зерттеу әдістерін жиынтық қолдану мәселелері туралы (28.11.2022) мазмұнды вебинар өткіздік. Аталған ЖОО профессор-оқытушылар құрамы өз тараптарында ұйымдастырылып жатырған ғылыми іс-шараларға ат салысуды ұсынды. Білім алушыларға арналған "Академиялық сауаттылық — бүгінгі заман талабы" (14.12.2022) тақырыбындағы вебинарда дипломдық жоба жазуда назар аударылуы керек маңызды тұстарға тоқталдық. Қысқы мектепке жазылған әріптестерімізге "ЖОО-да интербел-



қылы танысуға болады: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorid=57218109272>

"ҚЖұбанов атындағы АӨУ Хабаршысы" ғылыми журналындағы мақалаларға пікір жазу талабы бойынша редакцияға келіп түскен мақалаларға кезегінше сараптама жасалды. Осы оқу жылында барлығы 3 ғылыми мақалаға сараптамалық талдау жасалып, қорытындыланды.

☑ Tourism

В Актобинской области в последние годы активно развивается туризм. Регион богат уникальными сакральными памятниками, природными достопримечательностями, некоторые из которых хранят память о древнем океане и людях каменного века.

Руководитель областного управления предпринимательства Нурхан Тлеумуратов рассказал, что в регионе ведется работа по развитию туризма и повышению туристского потенциала. Действуют 23 маршрута, имеется 859 исторических и культурных памятников, 3 санатория-профилактория, 8 особо охраняемых природных территорий.

У населения, граждан ближнего и дальнего зарубежья пользуются большой популярностью 7 туристических объектов. В их числе меловые горы Актолагай, Волчий водопад, пески Аккум, пески Баркын, «Немой» аул, заказник «Оркаш», пещера Толеубулак.

Меловое плато Актолагай – яркая природная достопримечательность Актобинской области. Здесь можно остаться на один-два дня, чтобы обойти как можно больше причудливых белоснежных гор и пещер, поискать в камнях останки древних животных, увидеть легендарную долину «Шахматных фигур», горную грядку Мугоджары, Каргалинское водохранилище.

В 120 километрах от Актобе в Каргалинском районе находится место под названием волчий водопад. Он красив ранней весной – в мае, когда талые воды бурно стекают в расщелину и образуют живописный водопад.

В селе Алтай батыр Байганинского района на правом берегу реки Сагыз находится песчаная долина Аккум длиной 40 и шириной в 15 километров. Пески Аккум мелкозернистые, сыпучие, создается впечатление, что они белоснежные.

В Уйском районе находятся пески Баркын – одно из немногих мест, где можно принимать лечебные песочные ванны, полезные при заболеваниях опорно-двигательного аппарата. Считается, что раньше на этом месте было море. Теперь же вода сошла, оставив необыкновенные холмы песка площадью в 35 тысяч гектаров. Ещё одним чудом этого места является великолепный сосновый бор, воз-



ГДЕ ОТДОХНУТЬ в Актобинской области

никший, словно оазис в пустыне, и делающий пески Баркын уникальными. Под песками расположены подземные воды, благодаря чему и вырос этот лес.

Немой аул в Каргалинском районе – это излюбленное место туристов, ценящих наслаждение природными красотами. Прекрасный вид на Ащелисайское озеро, крутые скалы, возможность купания и рыбалки делают Немой аул прекрасным местом для отдыха. О происхождении названия этого места ходит несколько легенд. По одной из них, здесь жил ясновидящий, чье имя никто не знал. Народ приходил к нему с вопросами, но к людям выходила женщина, которая передавала видения этого провидца. Отсюда и пошло название «Немой аул», так как было все тихо и без лишних разговоров. По другой версии, когда-то этот аул из-за отсутствия условий, необходимых для полноценной жизни, массово покинули все жители, кроме одного пастуха по имени Ратай. Он был немой от рождения, но его поступок без слов стал доказательством любви к родной земле. В честь него место и прозвали «Немым».

Настоящий ботанический рай раскинулся в Мугалжарском районе в заказнике «Оркаш». Царство десятков видов редких птиц и растений, в том числе занесенных в Красную книгу. Для местного типичного пейзажа здесь необычно всё – лес посреди степи из берёз, осин и ив, кустарники боярышника и шиповника, невероятной красоты разнотравье. Невероятное количество птиц обосновалось в заповед-

нике «Оркаш». Неподдалёку от леса находится природная композиция из каменных глыб, выросших в землю, и достигающих в высоту двух метров.

В 13 километрах к северо-востоку от села Булакты в Мугалжарском районе находятся уникальные пещеры с петроглифами Толеубулак. Петроглифы пещеры Толеубулак были обнаружены и введены в научный оборот в 2000 году во время исследований совместной международной казахстанско-российской экспедиции, изучавшей памятники каменного века Мугалжарского района. В пещере Толеубулак более 10 тысяч лет назад людьми каменного века были нанесены изображения. На полу пещеры вырезаны рисунки глубиной 5 сантиметров, диаметром – 15-25 сантиметров. В маленькой пещере встречаются петроглифы, похожие на копыта или грибы, антропоморфы и глубокие линии. Ученые придерживаются мнения, что вышеназванные символы существовали во время мезолита, даже во времена палеолита и неолита. Этот комплекс является одним из древних археологических памятников каменного века Казахстана. По легенде пещера получила название от имени Толеу из рода Жакайым племени Шекти Младшего жуза, перекочевавших в Мугалжарские горы с Северного Арала примерно 250-300 лет назад.

«Такие объекты, как меловые горы Актолагай, пески Аккум в Байганинском районе имеют высокий потенциал, мы работаем над их развитием. В прошлом году были

открыты три кемпинговые зоны, в текущем – планируем создать семь кемпинговых зон, в том числе и в местности Оркаш Мугалжарского района, на Каргалинском водохранилище», – говорит Тлеумуратов.




В 2022 году в Актобинской области были организованы первый в западном регионе фестиваль воздушных шаров – «Шексіз аспан», ежегодный международный фестиваль «Qargaly Fest», соревнования по триатлону «Qazaq Man», информационные туры для зарубежных туроператоров и блогеров, в ходе которых впервые в Казахстане был презентован «промышленный туризм». В мероприятиях, в общей сложности приняли участие 225 тысяч жителей и гостей области.

Развитием внутреннего туризма в Актобе активно занимаются два оператора, которые в прошлом году привлекли порядка 17 тысяч туристов. Маршруты пользуются большой популярностью у местных жителей, граждан Италии и Португалии, России.

По словам Н.Тлеумуратова, в 2022 году в Актобинскую область было привлечено порядка 187 тысяч туристов, что на 28,7% больше, чем в 2021 году, а в текущем году планируют привлечь почти 200 тысяч туристов, в том числе свыше 33 тысяч иностранных.

Самал Ендибаева
МИА «Казинформ»

Фото из открытых источников
Автор — выпускница
Zhurbanov University 2003 года
специальности
«Журналистика».



✓ **Faculties**

Special pages
Арнайы беттер



ТАЛАНТТЫЛАР ШОҒЫРЛАНҒАН



Кәсіби мерекесіне орай университетте өңірдегі мәдениет және өнер саласының көрнекті қызметкерлеріне құрмет көрсетілген кеш өткен-ді. Кешті кәсіби-шығармашылық факультеті ұйымдастырды. Құттықтау сөзінде университет ректоры Лаура Қарабасова кәсіби-шығармашылық факультетінің университеттің оң имиджін көтеруде жасап жатқан нәтижелі еңбектерінің маңыздылығын атап, «Факультетті өнер ордасы деп атауға болады. Мұнда шынайы талант иелері шоғырланған. Өнер адамдарының жүрегі нәзік, мейірімге толы болып келеді. Сондықтан ерекше назар аударып, құрметтейміз. Өйткені өнер — тәрбие, мәдениет, ұлттық құндылық өнер арқылы беріледі», — деген болатын.

Кәсіби-шығармашылық факультеті Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясымен, Балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығымен, Шығармашылық академиясымен, Облыстық халық шығармашылығы орталығымен, «Геолог» Мәдениет үйімен, Ақтөбе тігін фабрикасымен, сондай-ақ басқа да көптеген мәдени сала және өндірістік мекемелерімен серіктестік ынтымақтастықта.

Құрылғанына 30 жыл ішінде 100-ге жуық спорт шебері, 100-ден астам спорт шеберіне үміткер, 40-тан астам Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, вокал, дәстүрлі ән, биші, қол өнері, дизайн, живопись бағытында әлемге танылып жүрген талант иелері кәсіби білім алған және бүгінде кәсіби білім алып жатқан факультетті педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жайнагүл Жаншақызы Қартбаева басқарады. Білікті басшыны аяқталған оқу жылындағы жаңа табыстарымен құттықтап барған Гүлнара Дауылбайқызы.

— Жайнагүл Жаншақызы, оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын! Есте қалған табысты күндерін тізбелеп шығасыз ба, ең бастысын айтсаңыз болады.

— Факультетімізде ауқымды түрде ұйымдастырылған шаралар өте көп. Жаныма жақын, есте қаларлықтай бірнешеуін атап өткім келеді. «Жан жылуы» есептік-қайырымдылық концерті, 7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне орай өткізілген «Саябақтағы сазды әуен» ретро кеші, «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың заманауи мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Үндістан елінің Хайргарх Курукшетра университетінің профессоры, халықара-

лық дәрежелі суретші-эскиб-рис Ракеш Бани мен оның шәкірті, магистр Ишу Джиндалдың жеке графикалық және эскиб-рис шығармашылық көрмесінің салтанатты ашылуы т.б. Ұйымдастырылған осындай шаралар мен үшін өзіндік ерекше әсерін қалдырады және де жұмыс берушілер, практика базаларымен, басқа жоғары оқу орындарындағы әріптестеріміз бен арамдыздағы байланысты нығайта түседі. Өзімнің тарапымнан осы күндердің әрқайсысын табысты деп нақты айта аламын.

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢА ТАБЫСТАРЫ

— Алдағы демалыс та жақын. Қайда, қалай демалуды жоспарлап отырсыз?

— Әзірге белгісіз. Алдағы уақытта отбасыммен бірге демалысқа шығу жоспарда бар.

— Әрине, демалыс алдында сіз басқаратын факультетте талапкерлер үшін шығармашылық емтихан өтеді. Бұл да бір өнер, спорт додасы секілді. Ішінен ең үздігін таңдайсыздар ғой...

— Факультетімізде жалпы 7 білім бағдарламасы бар. 6B01401 — «Музыкалық білім», «6B11102 — «Мәдени тыңығу жұмысы», 6B01404 — «Дене шынықтыру және спорт», 6B01405

— «Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау», 6B02101 — «Хореография», 6B02102 — «Дизайн», 6B07207 — «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы». Соның ішінде 6 білім бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан тапсырылады. Біріншіден, талапкерлер орындаушылық шеберліктерін көрсетеді, екіншіден, жалпы қабілетінің деңгейін анықтау арқылы үздіктердің үздігі анықталады.

— Факультетті бітірушілер арасында танымал әншілер, спорт шеберлері көп. Түлектермен байланыс бар ма?



ФАКУЛЬТЕТ

— Мен үнемі мамандық түлектерінің жетістіктерін айтып, таныстырып жүремін. Өздеріңізге белгілі Светлана Айтбаева, Дулат-Рита Айтжановтар, Нұрбол Сайтбеков, Айбек Карагулов, Қали Әшім, Сағыныш Калмен, Индира Раушанова т.б. түлектерімізбен араласып тұрамыз. Олардың ішінде білім алушыларға үйретері көп практик-маман болып қызмет етіп жүрген түлектеріміз де бар. Түлектеріміз әрдайым университет базасында өтетін шараларға қатысып, өз үлестерін қосып, ыстық ықыластарын білдіріп отырады.

— Кәсіби-шығармашылық факультеті университеттегі контингенті көп орта. Ма-

теріп, шет елдерге паш етіп жүрген оқытушыларымыз да аз емес, атап айтсақ, А.Раимбергенов, М.Жақысарина, Т.Ботгариев, М.Куспанов, С.Кубиева, Н.Мукеева, Ж.Зейнуллина, М.Шаштыгарин, М.Сутеева, А.Муса, Ә.Кулмагамбетов, М.Кургамбетов, С.Мухтаров т.б.

Факультеттің материалдық базасы өте жақсы. 11 атаулы кабинеттеріміз (оның ішінде 9 кабинет демеушілер көмегімен жасақталды), спорттық нысандар, шеберханаларымыз бар.

— Өнерге жаныңыздың жақындығын көріп жүріміз. Өзіңіз туралы, қызметтегі емес, жалпы өмірдегі Жайнагүл Жаншақызы жайлы білсек. Сосын Жанша Қартбаев деген елге сыйлы ақсақалды естүіміз бар. Екеңіз болар?

— Кәсіби әнші, биші болмасам да өнерге деген құштарлық бала кезімнен қалыптасқан. Арманым болып еді десем де болады. Отбасымызда үлкен әжем жыршылардың дәстүрлі ән-жыры жинақталған күй



териалдық базасы, профессор-оқытушылар құрамы жайлы айтып өтсеңіз. Бұл факультеттегі кадр мәселесі тұрақтылығын байқаймын.

— Қазіргі таңда факультетімізде 2118 білім алушы бар. Қажырлы еңбектің нәтижесінде соңғы 5 жылдың ішінде 10 есеге өсті десек болады.

Сонымен қатар білім алушыларымыздың оң көрсеткіштері де көбеюде.

Факультетте білім алушылардан құралған «Ақжелең» ұлт-аспаптар оркестріне (жетекшісі Ph.D. А.Ы.Раимбергенов), «Музыкалық білім» мамандығы студенттерінен құралған «Студенттік хор» ұжымына (жетекшісі практик-маман М.О.Куспанов), «Хореография» мамандығының студенттерінен құралған «Самғау» би ансамбліне (жетекшісі оқытушы, магистр А.С.Қалдыбаева), кафедра мамандықтарынан құралған аспаптық-эстрадалық «Ел мұра» тобы (жетекшісі оқытушы Ф.А.Абдирова), «Делиция» тобы (жетекшісі оқытушы А.Е.Карагулов), «Луар» триосы бар.

Ал, жалпы факультет бойынша 88 профессор-оқытушылар құрамы жұмыс жасайды. Олардың ішінде педагогтік тәжірибесі мол, дәрежесі үлкен оқытушыларымыз көп. Факультет ұжымының ауызбіршілігінің арқасында біраз жетістіктерге жетіп келеміз. Өйткені көш бастап, жол көрсетіп келе жатқан осы ұлағатты ұстаздарымыз. Сонымен қатар, өнерімен университет имиджін кө-

табақтарын қосып қоятын. Сол әуендер әлі күнге дейін құлағымда. Иә, Жанша Қартбаев — менің әкем! Біз үйде әкеміздің қас-қабағына қарап өстік. Мен өзім әкемнің қызымын. Әкеммен мақтанамын. Бала кезімнен «Жаншаның қызысың ба?» деген сұраққа көкірегімді қуаныш кернеп, мақтанып, «Иә» деп жауап беретінмін. Әкем тік мінезді, бір сөзді, бетке тіке айтатын шыншыл, еңбекқор адам еді. Менің өмірдегі идеалым әкем болды! «Өмір-темір» шежіресінің авторы. Отбасымызда әкемнің айтқан сөзі екі рет қайталанбайтын. Анам әкемнің берген тапсырмаларын үнсіз ұйымдастырып отырушы еді. Анам кішіпейіл, мәдениетті, ұқыптылықты жақсы көретін, үлкеннің алдын кесіп өтпеген, өте қарапайым жан болды. Менің бойымдағы қасиеттер ата-анамның қанынан дарыған болар.

— Эстетикалық талғамыңыз ерекше, кім әсер етті?

— Әдемілікті, тазалықты жаным сүйеді. Әр заттың өз орнында тұрғанын ұнатамын. Әр шараны ұйымдастыруға жауапкершілікпен қараймын. Өзгеше бір затты көріп қалсам, сол заттан бірнеше туынды жасағанша асығып отырамын. Ашық түсті заттарды өте қатты жақсы көремін. Бұл дарындылық табиғатымнан болар. Қанша қиналсамда «менде бәрі тамаша» деп күліп жүруге тырысамын.

— Жаңа оқу жылында жолыққанша, аман болыңыз. Сұқбатыңызға рақмет!

”

Мекенжайы:

Ақтөбе қаласы,

Ә.Молдағұлова даңғылы 34,
211 кабинет

E-mail: fakultet_prof_tvor@mail.ru

Сайт: <http://ptf.arsu.kz/>

Facebook: Кәсіби-шығармашылық
факультеті

Instagram: zhubanov.ptf

ZHUBANOV UNIVERSITY КӘСІБИ- ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Кәсіби-шығармашылық факультетінің тарихы 1974 жылдың 12 сәуірінде №161 бұйрықпен филология факультетінің «Дене тәрбиесі» бөлімі ашылып, бірінші студенттерін қабылдағаннан басталады. 1978 жылы Педагогикалық институтының Ғылыми Кеңесі шешімімен «Дене тәрбиесі» факультеті ашылды.

Факультеттің негізін қалаушы, сол кезде аға оқытушылық қызмет атқарған Перегудов Вениамин Никонорович, алғашқы декан.

Факультеттің тарихи жолы әр жылдардағы білім беру саласындағы реформаларға байланысты болған. Факультеттегі кадр даярлау жүйесі бір арнаға 2017 жылы тоғысып, Кәсіби-шығармашылық факультеті атауымен қайта құрылады, факультет деканы болып филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мұхтаров Сабыржан тағайындалады. Шебер кризис-менеджер, қабілетті басшының іскерлігі факультеттің стратегиялық дамуына серпін берді.

Факультеттегі Білім беру бағдарламалары: Бакалавриат бойынша:

- 6B02102 — Дизайн
- 6B02101 — Хореография
- 6B07207 — «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы»
- 6B01404 — Дене шынықтыру және спорт
- 6B01405 — Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау
- 6B01401 — Музыкалық білім
- 6B11102 — Мәдени-тынығу жұмысы

Магистратура бойынша:

- 7M01404 — Дене шынықтыру және спорт
- 7M01405 — Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау
- 7M01401 — Музыкалық білім

Білім алушылар саны — 2118.

Профессор-оқытушылар құрамы: 88

Оның ішінде:

Педагогика ғылымдарының докторы — 1

Педагогика ғылымдарының кандидаты — 10

Философия докторы (Ph.D.) — 2

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы — 1

Мәдениеттану ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі — 1

Қазақстан Дизайнерлер Одағының мүшесі — 4

Еуразиялық Дизайнерлер Одағының мүшесі — 2

Магистр — 39

Факультет деканы Қартбаева Жайнагүл Жаншақызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасының (2019), «Университетті дамытудағы еңбегі үшін» медалінің иегері.

✓ Faculties

Special pages
Арнайы беттер



ТАЛАНТТЫЛАР ШОҒЫРЛАНҒАН

Zhubanov University Кәсіби-шығармашылық факультетіндегі «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының негізі еліміз егемендігін алған жылдары қаланған. Біртұтас өнерлі, педагогикалық және әлеуметтік ортаны қалыптастыруда кафедра атқарып жатқан істер тұрақты жалғасып келеді. Кафедраны педагогика ғылымдарының магистрі Арайлым Алиева басқарады. Жоғары білім беру саласында 15 жылға жуық тәжірибесі бар маман.

Кафедрада еңбек ететін профессор-оқытушы құрамы мықты практиктерден құралған.

Кафедраның даму стратегиясы, инновациялық білім беру, кафедраның оқу процесін модернизациялаудағы бүгінгі қарекеттері туралы әңгімелеспекке Арайлым Қуандықызын сөзге тарттық.

ӨНЕРЛІ ЖАСТАРДЫ ҒЫЛЫМҒА БАУЛУҒА БОЛАДЫ



— Көкейде бірден туындайтын сұрақтан бастайын. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы ішінде ел ішіне танымал өнер иелері басым. Шығармашылық тұлғалар еркіндікті сүйеді. Ал оқу процесі белгіленген тәртіпті қадағалауды талап етеді. Басқару қиын емес пе?

— «Музыка және хореография» кафедрасын 2022-2023 оқу жылынан басқарып келемін. Кафедраның құрылғанына 30 жылдан асты. Сондықтан тұрақты, бірлігі қалыптасқан ұжымы бар. Кафедра штатында профессор-оқытушылар құрамы 16 адам. Арасында кафедра ашылғаннан еңбек етіп келе жатқан ардагер ғалымдар: Ph.D., доцент А.Ы.Раимбергенов, педагогика ғылымдарының кандидаттары, доценттер Ж.Е.Зейнуллина, Н.Е.Мукеева,

магистрлер А.Ж.Байшукурова, П.К.Калуова, С.К.Мухтарова, С.А.Тауекел, А.Н.Арыстанов, А.С.Қалдыбаева, А.Т.Шобдарова секілді тәжірибелі педагогтар қызмет етеді. Сонымен қатар халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаттары, оқытушылар М.О.Куспанов, А.Е.Карагулов, Ғ.А.Абдировалар қызмет етуде.

Кафедра бірнеше мамандық бойынша оқу процесін атқаруда. Атап кетейін, «Музыкалық білім», «Хореография», жаңадан ашылған «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы. Осы салаларды кәсіби мамандармен қамтамасыз ету барысында бірталай жұмыстар атқарылып жатыр. Әсіресе, жаңа мамандықты оқытатын лайықты кадрмен қамтамасыз ету де жауаптылықты талап етеді. Бұл ретте Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Қартбаева Жайнагүл Жаншақызының үлесі зор. Ашылған мамандыққа арнайы шақырумен келген А.Б.Абдисадыкова, К.Б.Айнакулов тәрізді мамандар еңбек етуде. Әрине кафедраның оқытушыларының бәрі шығармашылықпен айналысады. Бірақ олар оқу процесін шығармашылықпен қатар алып жүре алатын жауапкершілігі жоғары жандар. Оқу процесінен тыс олар ғылыми жұмыстармен, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстарымен де айналысады.

Әр оқытушымен тіл табысу және жұмысты талап ету, басқарушы ретінде өзімнің коммуникативтік қабілетімді үнемі жетілдіріп, әрқайсысына ерекше көңіл бөлуге тырысамын.

— Өзіңіз де өнерге жақын боларсыз. Вокал бағытында көріп жүрміз.

— 2002 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Музыка және ән» мамандығын бітірдім. ЖОО қабырғасында Қазақстанға белгілі ұстаз, композитор А.Ш.Исағұлова, Г.Ж.Қарамолдаева, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә.Қоңыратбаев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Р.Р.Джардемалиева, профессор М.И.Джексембекова т.б. ұстаздардан тәлім-тәрбие алдым. Сол жылы Zhubanov University «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасына қабылданып музыкаға қатысты пәндерден сабақ бердім. Ол кезде аталмыш кафедрада арнайы музыкаға арналған жеке музыка пәндерімен қоса, хормен ән салу сабақтары да қамтылатын еді. Ол менің жоғарғы оқу орнында бастаған алғашқы еңбек жолым болатын.

2005 жылы көптеген өзгерістерге байланысты педагогика ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі Т.М.Менкешова басқарған «Музыкалық білім әдістемесі» кафедрасына ауыстым. Осы кафедраның майталмандарынан үлкен тәжірибе жинап, біліктілігі жоғары оқу орнының маманы ретінде қалыптасуыма үлес қосқан: Н.Е.Мукееваға, Ж.А.Капановаға, Д.Н.Балкановаға, М.О.Айтимовке алғысым шексіз.

2020 жылы Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Музыкалық білім» мамандығы бойынша «Болашақ музыка мұғалімдерінің хор музыкасы арқылы құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында магистрлік диссертациямды қорғадым.

Сұрағыңыз менің бақытты балалығымды еске салды. Ән айтуға кішкентайымнан құмар болдым. Туған жерім Сыр өңірі ғой, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанкент ауылында дүниеге келдім. Сол жерде өсіп, топырағынан нәр алған баламын. Мектептің сахнасында ән шырқадым. Қазалыда өтетін балалар конкурсына көп қатыса-

ФАКУЛЬТЕТ

тын едім. Отбасымда әкем өнерге жақын болды.

Домбырамен, баянмен ән салады. Бойымдағы өнер әкемнен дарыған деп ойлаймын. Менімен бірге өскен інілерім де (мамандықтары басқа болса да) домбырамен ән салады. Өзіңіз айтқандай аспапта ойнаумен бірге вокалдық өнерді жаным жаратады, ән айтқанды жақсы көремін. Ғаламтор желісіне де орындаған әндерімді жариялап тұрамын.

— Бітірушілер көбіне жеке шығармашылықпен айналысып кетпей ме? Негізінде музыка, хореография саласына маман даярлайсыздар ғой?

— Айырықша көңіл бөлетін мәселе. Біз жалпы білім беретін мектептерге маман дайындаймыз, сондықтан даярлайтын мамандықтардың үлкен ерекшелігі бар. Ал, сахнада өнер көрсететін мамандарды дайындайтын өнер академиясы, консерваториялар. Біздің білім алушыларымыз орындаушылықпен қатар, музыка-педагогикалық бағытта білім алады.

Ия, таза шығармашылықпен айналысатын түлектеріміз бар. Олар қалаған уақытында педагогтік қызметпен шұғылдана алады. Өйткені арнайы жоғары білімді ғой.

Түлектеріміздің арасында жеке аспаптарда орындаушы ретінде, вокал бағытында, эстрадалық бағытта елге таны-

мал болғандары көп. Мысалы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева, «Құрмет» орденінің иегері Бақытбек Зейнелов, жас эстрада әншілері Нұрболат Абдуллин, Еркебұлан Құмаров, Асхат Тарғынов, Арман Жиеналиев — біздің мақтанышымыз.

— Материалдық база жайлы не айтасыз? Толық қамтылған ба?

— Мамандықтарымыздың ерекшелігін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Кафедрада оқу процесін арттыру барысында материалдық қамтамасыз ету бірінші орында. Соңғы 5 жылда материалдық базаны университет басшылығы толық қамтамасыз етіп отыр. Сол үшін үлкен рақмет!

Оқу процесіне қажетті фортепиано, баян, домбыра аспаптары жеткілікті. Жастар сарайы ғимаратында Р.Жаманова, Н.Тапалова атындағы кабинеттер, домбыра класы, фортепиано класы, жаңа заманға сәйкес мультимедиялық кабинет орналасқан. Сондай-ақ М.Арын атындағы бас оқу ғимаратында Б.Тәжібаев, А.Жұбанов, Б.Басығараев атындағы арнаулы кабинеттер ашылды. Білім алушыларға барлық жағдай жасалуда. Халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаттары, университеттің білім алушыларынан құралған «Ақ-желең» ұлт-аспаптар оркестріне (жетекшісі Ph.D. A.Ы.Раим-

бергенов), «Музыкалық білім» мамандығы студенттерінен құралған «Студенттік хор» ұжымына (жетекшісі практик-маман М.О.Куспанов), «Хореография» мамандығының студенттерінен құралған «Самғау» би ансамбліне (жетекшісі оқытушы, магистр А.С.Қалдыбаева) сахналық костюмдер тігілді, олар университеттің мерекелік шараларына белсене қатысады. Байқап жүрген боларсыз.

— Өнер мен білімді қатар алып жүрген жастар бар ма? Білім алушылар арасынан ғылымға бет бұратындары да кездесетін шығар?

— Қазір кафедра мамандықтарынан құралған аспаптық-эстрадалық «Ел мұра» тобы (жетекшісі оқытушы Ғ.А.Абдирова), «Делиция» тобы (жетекшісі оқытушы А.Е.Қарагулов), «Луар» триосы, «Самғау» би ансамблі (жетекшісі магистр А.С.Қалдыбаева) және жеке орындаушылар Балмұхан Берекет, Өтепбергенов Алмас, Тұрсынбаев Абай, Қалел Ерік т.б. біліммен қатар өнерді де алып келе жатырған білім алушыларымыз.

Білім алушыларымыз да, профессор-оқытушылар құрамы да академиялық-ұтқырлық барысында отандық университеттерде және шетел ЖОО-да заманауи жаңалықтарымен танысып, оқу үрдісіне сол алған инновациялық-педагогикалық тәжірибесін қолданып, іс жүзінде жүзеге асыруда.

Олар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде, Қазақ Ұлттық Өнер университетінде, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерватория-

сында, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университетінде, Н.Чернышевский атындағы Саратов ұлттық-зерттеу мемлекеттік университетінде, Түркияның Сакария университетінде білім алып келді.

Бүгінде ғылымды дамыту мәселесі еліміз бойынша өзекті. Соңғы уақытта университетте ғылыммен шұғылдануға көп көңіл бөлінуде. Кафедрада «Жас музыкант-зерттеуші» (жетекшісі п.ғ.к., доцент Н.Е.Мукеева), «Би қазынасы» (жетекшісі, магистрлер А.С.Қалдыбаева, А.Т.Шобдарова) ғылыми үйірмелері жұмыс жасайды.

Осы үйірмелерде білім алушыларымыз ғылыми апталықтарға, конференцияларға мақалалар жазып, жариялауға машықтанады. Бітіруші курс студенттеріне бұл талап міндетті. Олар ғылыми жоба қорғауы тиіс. Ғылыми жобаларға жетекшілер ішінде республиканың өзге ЖОО ғалымдары бар. Олар Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінен, Ұлттық өнер университетінен тартылған.

Әрине бұл процеске өз ғалымдарымыз да қатысады.

Жобалардың тақырыптары да тың: «Марат Айтимовтың вокал сабағында қолданатын әдістемесі», «XXI ғасырдағы хореографияның негізгі даму тенденциялары» және т.б.

Осылайша өнерлі жастарды ғылымға да баулуға болады.

— Дұрыс айтасыз. Шындығында өнер саласында ғылыми жаңалықтарға лайық тақырып мол. Табыстарыңыз жалғаса берсін!

Әңгімелескен
Гүлнара Қараша



 **Faculties**
Special pages
Арнайы беттер


ТАЛАНТТЫЛАР ШОҒЫРЛАНҒАН

В Zhubanov University прошла традиционная VII международная научно-практическая конференция «Физическая культура и современные проблемы развития спорта». В ходе выступлений зарубежные и отечественные ученые поднимали современные вопросы развития спорта.

В конференции приняли участие представители из Оренбургского государственного педагогического университета, Уральского государственного института физической культуры университета Толятии, Российского государственного университета физической культуры, Казахской академии спорта и туризма, Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Отемисова, Казахского национального университета им. Аль-Фараби, Евразийского университета имени Гумилева и других высших учебных заведений.

Целью мероприятия стал поиск совместных направлений и обмен опытом в области научных исследований по современным проблемам физического воспитания и спорта.

По мнению организаторов, на текущем этапе необходимо внедрять инновационные технологии в тренировочный процесс на уроках физической культуры и подготовки спортсменов, эффективно использовать их в учебном процессе. Поэтому подобные мероприятия имеют большое значение для преподавателей и тренеров.

Следует отметить, что в рамках конференции были организованы баскетбольные матчи между командами Zhubanov University и Оренбургского государственного педагогического университета.

Мы познакомились с одним из участников конференции, директором института физической культуры и спорта Оренбургского государственного педагогического университета (Россия), кандидатом педагогических наук, доцентом Петром Павловичем Тиссен и задали ему интересующие вопросы.



ПРОБЛЕМЫ В ФИЗКУЛЬТУРНОМ ОБРАЗОВАНИИ ФАКТИЧЕСКИ ИДЕНТИЧНЫ

— Петр Павлович, Вы тесно сотрудничаете со своим казахстанским коллегой, заведующим кафедрой теории и методики физического воспитания, профессором Тулегеном Ботагариевым. Как вы познакомились?

— С Тулегеном Амиржановичем мы познакомились в 2004 году, когда по его приглашению целой делегацией приехали в Актобе на первую проводимую совместно Международную научно-практическую конференцию. Хочу отметить, что в это время я только был избран директором Института физической культуры и спорта ОГПУ (тогда еще факультет физической культуры). На конференции были ученые со всего Казахстана, а из России - из Санкт-Петербурга, Челябинска, Оренбурга, Уфы.

Мы сразу нашли общий язык и наметили дальнейшие шаги сотрудничества — спорт, сетевое взаимодействие, двойные дипломы, обмен студентами, консультирование аспирантов, а в последствие магистрантов и докторантов, проведение занятий и многое другое.

Многие направления были для нас новыми, но было интересно.

Одним из них стала академическая мобильность. Совместно с коллегами я проводил семинарские и лекционные занятия, организовывал мастер-классы в рамках проводимых научных конференций. Коллеги из Zhubanov University также работали со студентами и магистрантами ОГПУ.

— В новостной ленте сайта Zhubanov University информацию о вас можно найти легко. Являетесь постоянным лектором по академической мобильности. Как проходят Ваши занятия? Какие вопросы задают Вам наши студенты?

— Основным направлением мобильности является знакомство студентов с методикой преподавания предмета «Физическая культура» в школе, особенностями организации этого процесса в российских школах. В декабре 2023 года по данной программе работала Голикова Елена Михайловна, рассказывала о проблемах адаптивной физической культуры. Нам предоставлены лучшие аудиотексты, хорошие условия для проживания и работы. Вопросы от студентов самые обыденные: какая нагрузка у учителя, условия реализации программы, кто пишет программы, есть ли условия для самовыражения и профессионального роста, можно ли познакомиться с методикой работы учителей, как оценивается учеба студентов и т.п.

Чувствовалась заинтересованность обучающихся к практической деятельности, чем собственно всегда и отличаются студенты физкультурных направлений профессиональной подготовки.

— Недавно в нашем университете прошла международная научно-практическая конференция. По счету в восьмой раз, и она посвящалась проблемам

физического воспитания и спорта. Проблемы в наших странах одинаковые или отличаются?

— Мы с Тулегеном Амиржановичем сейчас завершаем работу над трехлетним грантом, связанным с обоснованием обновленного содержания физкультурного образования обучающихся основной школы в Казахстане. В связи с этим у нас много совместных статей, посвященных сравнительному анализу этого содержания в Казахстане и России. Отмечу, хоть наши страны свободно друг от друга развиваются, проблемы в физкультурном образовании фактически идентичны. Пути решения этих проблем несколько отличаются. Над этим и работаем.

— Расскажите о себе. Какой вид спорта Вам близок и как бы решили проблемы этого направления?

— Я занимался в юности спортивной гимнастикой, которая была фактически основным видом активности в школе, наряду с спортивными играми и легкой атлетикой. Продолжил тренировки в институте. Но больших спортивных результатов не достигал. Я больше интересовался методикой преподавания. 12 лет работал в общеобразовательных организациях. Считаю, что преподаватели не имеют права работать в ВУЗе, преподавать методику предмета, не постигнув азы этой науки на практике в школе.

Беседу вела
Гульнара Караша

ФАКУЛЬТЕТ



— Боксшының жетістігі жаттықтырушысынан, егер оның жаттықтырушысы боксшының кәсіби өсуіне шынайы тілекші болса. Сіздің жаттықтырушыңыз қандай адам?

— Жаттықтырушым Алим Абдурашитов өте жақсы адам. Бала кезден бауырына алып, осы күнге дейін жаттықтырып келеді. Ол мен үшін тек жаттықтырушы рөлінде емес, адамгершілігі жоғары жан, керек сәтте көмек қолын созады.

— Алдыңғы сұрақтан туған ой. Шетелде жаттықтырушы үшін боксшының тәртіпке бағынуы мен ұқыптылығы мәселе емес, өздігінен саналы түрде болатын жағдай дегенді естіп едім. Бізде қалай?

— Әр спорт түрінде, әр спортшыда ұқыптылық пен тәртіп бірге болады. Жаттықтырушы басында соған дағдыландыруы мүмкін, өсе келе бұл қажетті қасиеттер спортшының бойына сіңеді.

— Бокста көнерген тәсіл, жаңаша тәсіл, немесе жаңа заманның тәсілі деген бола ма? Бұл спорт түрінен алғашқы әлем чемпионаты өткелі де 50 жылға таяп қалды ғой..

— Әрине, стильдер көп түрге бөлінеді. Жаңа заман стилі мен баяғы стиль түрлерінің айырмашылығы бар. Дегенмен, екі стильді бірге алып жүрген жақсы, қосындысы өз тәсілдерінді қалыптастыруға үйретеді.

— Жаңа 1974 жылы Куба астанасы Гаванада тұңғыш чемпионат өткенін еске алдық қой. Содан бері қазақ боксшылары Куба мен Ресейден кейін медальдік көрсеткіш бойынша үшінші позицияда келе жатқан екен. Мақтанарлық. Бокстағы жеңістеріңізбен тым жас болсаңыз да, сіз де осы спорттың дамуына үлес қосып жатырсыз. Дегенмен ең маңызды жеңіс алда болар?

— Менің қол жеткен жеңістерім — жеңістерімнің бастамасы деп есептеймін. Жастар арасындағы бокстан ересектер тобына өтемін, сол кезде көрсеткен жетістіктер үлкен нәтиже болады деп санаймын.

— Студенттік өмірдегі достарыңыз да спортшылар ғой. Өз саласында. Қа-

Бокс қазақтың ұлттық спортына айналды. Бұл спорт түріне жастардың қызығушылығы жоғары және оған еңбегі нәтижелі. 18 жасар боксшы Дәулет Төлемісов — Қазақстанның мақтанышы. Биыл ол Zhupanov University «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курсын тәмамдады. Жас спортшы Біріккен Араб Әмірлігінде (Дубай-2021), Азия чемпионатында алған 3-орынды, Иорданияда (Амман-2022), Әлем чемпионатындағы алған 2-орынды, Францияда (Нормандия-2022), Жазғы Гимназиадада алған 1-орынды, Сербияда (Суботица-2022), Золотые перчатки Воеводины Халықаралық турнирінде алған 1-орынды, Испанияда (Аликанте-2022), Әлем чемпионатында алған 2-орынды, Черногорияда (Будва-2023), Әлем кубогінде алған 1-орынды өзінің бас жеңістері деп санайды.

ӘКЕМ МЕН АНАМ МЕНІҢ ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕРІМДІ ӨТКІЗБЕЙ, ТОЛЫҚ ҚАРАЙДЫ

рым-қатынастарыңыз қалай? Сізге қызығып қарай ма? Жеңіс биігінде жүргеніңіз үшін.

— Тобымдағы студент достарым керемет адамдар. Жарысқа кеткен жағдайда сабақ жағынан үлкен көмектерін береді. Олар шұғылданатын спорт түрін, өздерін де қатыстыраймын және құрметтеймін.

— Бокстың адам ағзасына пайдасы зор деп естідім. Әсіресе жүрек-қан тамырлары жүйесіне. Мінезге де өзгеріс беретіні өз алдына. Дегенмен, бокс жүрегі жұмсақтардың қарауға дәті бармайтын спорт түрі ғой. Жақындарыңыз жарыстарды тамашалайды ма? Бірақ боксқа бергенде олар да ойланған болар.

— Ата-аналар көбіне өзінің балаларының жекпе-жектерін көруге қорқады екен. Бірақ

менің әкем мен анам жекпе-жектерімді өткізбей, толық қарайды.

— Ең қиын, ауыр болған жарыс кіммен болды? Есте қалды ма?

— Әр жекпе-жек өте ауыр, қиын болады. Қазақстанның боксшылары мықты, өзара жарыс кезінде бәсекелестік жоғары, сондықтан әр жарыстың өзіне тән қиындығы болады. Бірақ нақты кіммен қиын болды, есімде жоқ.

— Бокстан басқа не қызықтырады?

— Бокстан бөлек, волейбол, футбол, үстел теннисінде ойнаймын. Бұл спорт түрлерінің бокспен байланысы бар деп ойлаймын және пайдасы да көп.

Әңгімелескен
Гүлнара Дауылбайқызы



Арнайы беттерді дайындаған
Г.Қараша

☑ **Mourning day**

АРЫН АТАМНЫҢ ЖАТҚАН ЖЕРІ БЕЛГІСІЗ

31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Ақтөбе педагогикалық институтын (қазіргі Zhubanov University) 1983-1995 жылдар аралығында басқарған профессор Мұхтар Арынның ұлы Ерлан Арын Facebook парақшасында ата-бабасының репрессия құрбаны болғанын жазды.

«Біздің отбасымыздан сталиндік саяси репрессияға (58-бап) ұшыраған Арын атам мен Ғали атам.

Арын ата «Севвостлагта» небәрі 31 жасында дүние салды, ал Ғали ата «Соловкида» болып, жеті жылдан кейін ақталып келді.

Әжем Қанипа «халық жауының әйелі» болып, 1947 жылы 35 жасында қайтыс болған.

Арын атам егіз сыңарым Нұрлан екеуіміздің 1961 туған жылымызда арнайы қаулымен ақталды. Жеке жатқан жері белгісіз.

Ал оның алдында Күлжәмила үлкен шешеміздің әкесі Бимолда қажы мен бауырлары Айғали қажы, Нұрғали қажы 1930 жылы коллективизацияға қарсы шыққаны үшін атылған.

Үлкен атамыз Дәуренбек Құйқаулы 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқаны үшін орыс-казак черносотендері денесін қылыштап шапқан.

Біздің әулеттің үлкендерінің тағдыры осындай.

Әкем Мұхтар Ғалиұлы 59 жыл жасады, өмірінің тең жартысы «халық жауының баласы» болғасын талай қиындықпен өткерді», — деп жазды.

Zhubanov University профессорлық-оқытушы құрамы мен білім алушылары жыл сайын Мұхтар Арынды туған күнінде еске алып, құрмет көрсетеді. Биыл да дәстүрлі шара өтті. Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова өз лебізінде «Мұхтар Ғалиұлы оқу орнын кадр даярлаумен ғана шектеп қоймай, тәрбие ісі мен рухани орталық деңгейіне көтеруге күш салды.

31

kazinfo.rn

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН
ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ
МАМЫР ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ**

1929-1933 ЖЫЛДАРЫ

2 МИЛЛИОНҒА жуық адам қаза болып,
ТАҒЫ МИЛЛИОНДАЙ адам жан сауғалап,
елден босып кетті.

Одан кейінгі саяси репрессия
**ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ
ЭЛИТАСЫН**
жаппай қырғынға ұшыратты.

Саяси себеппен
103 МЫҢ АДАМ СОТТАЛЫП,
оның 25 мыңы ату жазасына кесілді.

Қазақстан аумағында
11 ЖАЗАЛАУ ЛАГЕРІ ҚҰРЫЛЫП,
онда сотталғандар мен олардың отбасылары
адам төзгісіз қиын жағдайда күн кешті.

Қуғын-сүргіннің зобалаңын қазақтар ғана емес,
Қазақстанға еріксіз, күшпен жер аударылып келген
1,5 МИЛЛИОН
өзге этнос өкілдері де көрді.

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАНАШЫРЛЫҒЫ
МЕН КӨМЕГІНІҢ АРҚАСЫНДА
ОЛАР ЖАН САҚТАП,
АМАН ҚАЛДЫ.**

Түркі Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің
үндеуімен, 2018 жылғы 31 мамыр



Оқу орнымызға қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-ғалым Құдайберген Жұбановтың есімінің берілуіне де Мұхтар Арынның тікелей ықпалы бар.

Дүниеден озғанына ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де, ұжымдық жадта бәрі сақтаулы. Университетіміздің бас ғимараты ғалымның есімімен аталады.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейтінін» ескерсек, ғалым есімі тарих парақтарына мәңгі жазылары анық. Ең бастысы — оның өнегесі мен жолын жалғастырар шәкірттері, әріптестері, есімін мәңгі ардақтар жанашыр замандас жолдастары бар», — деді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жылдың қараша айында XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссияның жұмысына қолдау көрсету мақсатында 2021 жылы XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығы ашылды.

XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар Орталыққа ІІМ, ҰҚК, Бас прокуратураның арнаулы мұрағаттарынан беріледі. Орталық таяу уақытта барлығы 715 мыңға жуық істі қабылдап алады деп жоспарланып отыр.

Президент 31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде Twitter-де арнайы жазба жариялады. — Біз бүгін саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Тоталитаризмнің бұл қырғыны халқымызға бұрмаланған зор қасірет әкелді. Тарихымыздың қайғылы кезеңдерін терең зерделеп, жазықсыз жапа шеккен боздақтарды ақтау ісін жалғастыру — өте маңызды мәселе, — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дайындаған Г.Қараша.

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University
облыстық ақпараттық-
танымдық газеті**

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

**Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова**

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана